

2004 жылы аудан аумағындағы азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2004 жылғы 13 мамырдағы N 72/1 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 4 маусымда N 2544 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімінің 2007 жылғы 3 қазандағы хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімінің 2007 жылғы 3 қазандағы хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1), 2) тармақшасына сәйкес әлеуметтік төлемдердің дұрыс тағайындауын қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аудан аумағындағы азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерін тағайындау Қағидасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерін тағайындайтын комиссиясы құрылып, құрамы аудандық мәслихатқа бекітуге ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Ш.Закирьяновқа жүктелсін.

Аудан әкімі Т.Мүбәраков

М а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 3 м а м ы р д а ғ ы
" 2 0 0 4 ж ы л ы а у д а н а у м а ғ ы н д а ғ ы
а з а м а т т а р д ы ң ж е к е л е г е н
с а н а т т а р ы н а ә л е у м е т т і к
қ о л д а у т у р а л ы "
N 7 2 / 1 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерін тағайындау ҚАҒИДАСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида облыс әкімдігінің 2004 жылдың 26 наурыздағы "2003-2005 жылдарға арналған облыста кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламаны іске

асыру жөніндегі 2004 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 2004 жылғы 24 ақпандағы 4/1 Май аудандық мәслихаттың шешімімен бекітілген "Жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік көмекті тағайындау" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында және тұрмысы төмен отбасыларына азық-түлік өнімдері түрінде бір реттік көмек ұйымдастыру және кейбір әлеуметтік сұрақтарын шешетін жағдайларға ақшадай қаржы бөлуді ұйымдастырады.

2. Жекелеген әлеуметтік төлемдерге құқығы бар азаматтардың санаттары

2. Жекелеген әлеуметтік төлемдер алуға құқықтары бар азаматтар:

1) аудан аумағындағы тұрмысы төмен атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларына трансферттер түрінде қаржы бөліп, оған картоп тұқымдарын с а т ы п ә п е р у ;

2) аудан аумағында аз қамтылған, атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтарға трансферттер түрінде қаржы бөліп, оған ірі қара мал, ұсақ мал қой с а т ы п а л у ;

3) Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне 9 мамыр мерекесіне берілетін материалдық көмек ретінде қаржылай бөлу;

4) Кеңес үкіметінің әскерін Ауғанстаннан шығарғанына 15 жыл толуына орай , ауған соғысына қатысқан және мүгедектерге бір жолғы әлеуметтік материалдық к ө м е к к ө р с е т у ;

5) Ақсай санаториясында емдеуден өту үшін Көктөбе - Павлодар - Алматы және Алматы - Павлодар - Көктөбе бағытындағы жол шығындарын және аз қамтылған отбасылардың балалары және мүгедек балаларға, аудандық денсаулық сақтау бөлімінің жолдауы бойынша республика көлемінде санаторияларға емделу үшін жіберілгендерге барып қайту жол ақыларын өтеу;

6) аудандағы тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлеріне қарттар күніне бір жолғы материалдық көмек көрсету;

7) 6000 мың теңгеге дейін зейнетақы алатын жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге және ең ауыр науқас мүгедек балалардың отбасыларына (3 адам) 2 тоннадан көмір және 1 куб ағаштан алып беру;

8) көлік шығындарын қайтару үшін жыл ішінде екі рет тұрғын орнынан аудан орталығына дейін барып қайту қоғамдық көлік құнын 100% туберкулезбен ауыратындарға өтеп беру түрінде материалдық көмек көрсету;

9) аудандық жұмыспен қамту бөлімінде тіркеуде тұрған азаматтар кенеттен қайтыс болған жағдайда, олардың жерлеу рәсімдерін жасау үшін бір жолғы м а т е р и а л д ы қ к ө м е к ж а с а л а д ы ;

10) тың игерудің 50 жылдығына орай тың игеру кезінде жұмыс жасап, қазіргі уақытта зейнетақы алатындарға бір жолғы материалдық көмек көрсету;

11) аз қамтылған жалғыз басты азаматтарға және 6 одан көп 18 жасқа толған балалары бар жанұяларға ай сайын жарық жүйелерінің шығынын өтеп беру а й ы н а 5 0 к в т ;

12) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға мүгедектер күні қарсаңында бір жолғы материалдық көмек ретінде көмек көрсету және оларға мерекелік шаралар ұ й ы м д а с т ы р у ;

13) аудан бойынша соғыс ардагерлеріне ай сайын жарық жүйелерінің шығынын өтеп беру, айына 50 квт;

14) аудан бойынша соғыс ардагерлеріне абонент төлемдерінің 50% ай сайын өтеп беру үшін қаржы бөлу.

3. Тағайындау тәртібі

3. Аудан аумағында тұратын тұрмысы төмен және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар өздерінің тұрғылықты жерлеріндегі ауыл әкімдеріне ірі ұсақ қара мал немесе көкөніс тұқымдарын қағиданың 1 қосымшасына сәйкес өтініш б е р е д і .

4. Ауыл әкімі жергілікті жердегі учаскелік комиссиямен бірігіп, қағиданың 2 қосымшасына сәйкес өтініш берушінің материалдық жағдайын тексереді.

5. Тұрмысы нашар отбасыларының тұрмыс тіршілігін тексеріп, тексеріс актісінде толық баяндап, әлеуметтік көмек қажет ететін азаматтардың тізімін тексеріс актісіне және салық төлеушінің нөмірін қосып, аудандық әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі комиссияның қарауына сәйкес жібереді.

6. Бөлім комиссиямен барлық құжаттарды қарастырып барып, әлеуметтік төлемдерді тағайындайтын болады. Жергілікті жерлердегі ауыл әкімдері мен учаскелік комиссия азаматтардың жеке шоттарына трансферттер түрінде бөлінген қаржыны дұрыс бағытта жұмсалуды қадағалайды және арнайы комиссияға еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөліміне толық ақпарат б е р е д і .

7. Әлеуметтік көмектің түрі, яғни, ірі немесе ұсақ малмен көмек жасалған азаматтар, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың қатарынан шығатын болады.

8. Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің тапсырысы бойынша санаторияға демалысқа барып қайтқан аз қамтылған жанұялар балаларының жол шығындарының төленуі тізім арқылы және жол билеттерінің сомасы негізінде ж а с а л а д ы .

9. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша аудан бойынша халықты әлеуметтік қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлеріне - қарттар күні қарсаңында бір жолғы өтем-сыйақылар 1000 мың теңге көлемінде берілетін б о л а д ы .

10. Аудандағы туберкулезбен ауыратын адамдарға жылына екі рет тұрғылықты жерлерінен аудан орталығына барып қайту үшін еңбек және

тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөліміне жол шығындарын растайтын және аудандық денсаулық сақтау бөлімінің тізімі бойынша науқастығына байланысты құжатты табыс ету арқылы жасалады.

11. Төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлер мен ең ауыр науқас мүгедек балалардың жанұяларына берілетін көмек, жергілікті жерлердегі учаскелік комиссияның берген қорытындысы негізінде және аудандық комиссияның шешімі бойынша беріледі.

12. Зейнеткерлер мен мүгедектердің тізімдері мен қоса олардың салық төлеу нөмірі қоса тіркеледі.

13. Аудан аумағында тұратын тұрмысы нашар отбасылары, егер олардың отбасыларының кірісі кедейшілік сызығынан аспаса, Қазақстан Республикасының азаматтары және белгілі бір кезеңге дейін Қазақстан Республикасының азаматтығын алмағандардың да азаматтық алу процедурасын өтеушілер көмек алуға құқығы бар. Осындай көмек алуға 18 жасқа дейінгі балалармен тұратын, төмен зейнетақы алатын жалғыз басты азаматтардың да құқығы бар. әлеуметтік жәрдемақы алуға тілек білдірушілер учаскелік комиссия төрағасы болып табылатын ауыл әкімінің атына өтініш береді. Ауыл әкімі учаскелік комиссиямен жәрдемақы алуға мұқтаж адамдардың материалдық жағдайын анықтап, аудандық еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөліміне ұсыныс жасайды. Сонымен қатар өтініш берушілер мен учаскелік комиссия құжаттарының дұрыстығына және жалған ақпарат болмауына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық жауап береді.

14. Осы Қағиданың 2 бабы 1 тармағының 10,12 тармақшаларында көрсетілген азаматтардың тізімі аудандық зейнетақымен қамту орталығымен салыстырма жасалып аудандық арнайы комиссия бекітеді.

15. Әрбір азаматтың салық төлеу және жеке шотының нөмірі алынып бір жылғы жәрдемақылар аударылатын болады.

16. Осы Қағиданың 2 бабы 1 тармағы 11, 13, 14 тармақшаларында көрсетілген азаматтардың тізімдері әрбір селолық округтердегі учаскелік комиссияның берген мәліметтері бойынша арнайы комиссия бекітеді азаматтардың салық төлеу және жеке шот нөмірлері көрсетілген тізімі негізінде ай сайын өтемақылар жасалады.

4. Әлеуметтік төлемдер нормативі

17. Әлеуметтік көмекті қажет етушілерге, аз қамтамасыз етілген отбасыларының мүшелеріне ауыл әкімімен келісім бойынша жеке тұлғаларға трансферттер түрінде қаржы қаралады.

5. Тұрмысы нашар өте мұқтаж отбасыларына төлемі тәртібі

18. Трансферттер түрінде жеке тұлғаларға бөлінген қаржы "Казпочта" аудандық бөлімі арқылы шоттарға аударылады.

6. Есеп және есеп беру

19. Тұрмысы нашар отбасыларына әлеуметтік бір мезгілдік төлемдерді, атап айтқанда, осы Ереженің пункттерінде көрсетілген тағайындау, есеп және есеп беруді жүргізуді аудандық еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөлімі жүргізеді. Жағдайды анықтау, алғашқы құжаттарды жинау және тіркеу, құжаттардың дұрыстығын тексеру жұмыстарын селолық округтер жанындағы мемлекеттік әлеуметтік көмектің берілуін қарайтын және тағайындайтын учаскелік комиссия жүзеге асырады.

20. Селолық округ жанындағы учаскелік комиссия тұжырымына сәйкес барлық бірінші құжаттар аудандық еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөліміне беріледі, есеп беру бөлімі аудандық бюджеттен бөлінген қаржы туралы есепті жүргізеді және бағдарламаның орындалғаны туралы жоғары органдар алдында есеп береді. Сондай-ақ қаржының толық игерілгені және дұрыс жұмсалғаны туралы жауап береді.